

Қазақстан Республикасының аумағындағы стратегиялық шабуыл қару-жарақтарын жою жөніндегі үкімет комиссиясы туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 6 ақпандағы N 119

1991 жылғы 31 шілдедегі стратегиялық шабуыл қару-жарақтарын қысқарту мен шектеу туралы Шартқа орай 1992 жылғы 23 мамырдағы Лиссабон хаттамасы бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелерін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының аумағында уақытша орналасқан Россия Федерациясының стратегиялық шабуыл қару-жарақтарын жою жөнінде Үкімет комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) мына құрамда құрылсын:

Школьник - Қазақстан Республикасының Энергетика, Владимир Сергеевич индустрия және сауда министрі, төраға

Байғарин Бекболат - Қазақстан Республикасының Энергетика, Әбдіғалиұлы индустрия және сауда министрлігі Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетінің төрағасы,

төрағаның орынбасары

Оспанов Б.С. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің төрағасы, Комиссия төрағасының орынбасары <*>

Комиссия мүшелері:

Жантикин Т.М. - Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі-Ғылым академиясы жанындағы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің бас директоры, комиссия мүшесі

Жәмішев - Қазақстан Республикасының Қаржы Болат Бидахметұлы бірінші вице-министрі

Әбусейтов - Қазақстан Республикасының Сыртқы Қайрат Қуатұлы істер вице-министрі

Андрющенко - Қазақстан Республикасының Экономика Александр Иванович вице-министрі

Ғалишев - Қазақстан Республикасының Ұлттық Артур Хисметұлы қауіпсіздік комитеті басқарма бастығы

(келісім бойынша)

- Елеуішев - Қазақстан Республикасының Табиғи
Бек-Болат Сәдуақасұлы ресурстар және қоршаған ортаны қорғау
министрлігі Мемлекеттік сараптау және
қоршаған орта мониторингі департаменті
директорының орынбасары
- Ишпанов - Қазақстан Республикасының Қорғаныс
Алшағыр Нығметұлы министрлігі Қару жарақты қысқартуға
бақылау және инспекциялық қызметті
қамтамасыз ету жөніндегі орталықтың
бастығы
- Дүзбаева - Қазақстан Республикасының Қаржы
Мейрамгүл Алтынбекқызы министрлігі Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитеті төрағасының
орынбасары
- Мұртазаев - Ақмола облысы әкімінің орынбасары
Мұрат Арзаұлы
- Нұрғисаев - Қызылорда облысының әкімі
Серікбай Өрікбайұлы
- Швайченко Ю.П. - Шығыс-Қазақстан облысы әкімінің
орынбасары
- Власов Н.А. - Қазақстан Республикасы Ішкі істер
министрінің орынбасары

Ескерту. Комиссия құрамына өзгерістер енгізілген - ҚРМК-нің 1995.05.04. N 615 және 1995.09.20. N 1271 , ҚР Үкіметінің 1996.05.26. N 805 , 1998.07.25. N 699 , 1999.09.10. N 1363 , 2000.06.26. N 951 қаулыларымен.

2 . К о м и с с и я :

республиканың аумағында уақытша орналасқан стратегиялық шабуыл қару-жарақтарын жою саласында Қазақстан Республикасының міндеттемелерін жүзеге асыру ;

жергілікті жерлердің алғашқы күйіндегі ландшафтын қалпына келтіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының өкілетті органы болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті комиссиясының жұмыс органы болып белгіленсін. < * >

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Қорғаныс министрлігімен және Қаржы министрлігімен, бір ай мерзімде комиссия туралы Ережені әзірлеп, оның жұмыс органының құрамы мен жұмыс тәртібі туралы ұсыныс енгізсін .

ЕСКЕРТУ. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.08.20. N 1031
қаулысымен .

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ